

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Наурызмекен мөрсөн түлшілдік компания</small>	<p align="center">«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты</p>	
<p align="center">Құжат атапу: «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты</p>		
<p align="center">Құжат түрі: Саясат</p> <p>Әзірленді: комплаенс офицер Е.С. Мырзаханов 20 <u>22</u> жылғы «<u>и</u>» <u>Карасин</u></p>	<p align="center">Код: KMTF-РТ-069.1-13</p>	<p align="center">21 беттін 1-беті</p> <p>Мәкұлданды ҚТКФ Басқармасының 20 <u>22</u> жылғы «<u>07</u>» <u>шешімімен</u> шешімімен № <u>25</u> хаттама</p>
		<p align="center">Бекітілді ҚТКФ Қадағалау кеңесінің жылғы «<u>7</u>» 03 нарнаблюдательный совет № <u>09-Р03</u> хаттама</p>

МАЗМҰНЫ

1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	2
2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ	2
3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
4. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ ӨДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ	5
5. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ РӘСІМІ	8
6. КОНТРАГЕНТТИ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ	15
7. КОНТРАГЕНТТИ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРИ	16
8. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ	16

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Національна міжнародна транспортна компанія</small>	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 2-беті

1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының сенімділін тексеру жөніндегі саясатына, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС Іскерлік этика кодексіне және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС өзге ішкі күжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС контрагенттерінің сенімділігін тексеру, сондай-ақ контрагенттер туралы ақпаратты талдау, өндөу және сақтауға алу тетігін реттейді.

1.3. Осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясатының мақсаты «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары алдында материалдық және материалдық емес залалдың туындау тәуекелін азайту, сенімсіз контрагенттермен өзара қатынастарды шектеу, сондай-ақ «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қаржы, сыйайлас жемқорлық, өз беделіне нұқсан келтіру және өзге тәуекелден аулақ болу болып табылады.

1.4. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты тауар биржалары арқылы немесе орталық электрэнергия сауда-саттығында сатып алуларды жүзеге асыру барысында контрагентті тексеру рәсімдерін реттемейді.

1.5. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясатының іс-әрекеті еңбек қатынастарына, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобындағы компаниялар арасында жасасқан шарттарға қатысты қолданылмайды.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты мыналарға қатысты қолданылады:

2.1.1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС;

2.1.2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС еншілес ұйымдары.

2.2. Егер еншілес ұйымдардың ішкі нормативтік қүжаттарында немесе еншілес ұйымдардың тұрғылықты жеріндегі мемлекет заңнамасында талаптар Саясат ережелерімен салыстырғанда неғұрлым қатаң белгіленген болса, еншілес ұйымдардың ішкі нормативтік қүжаттарының ережелері немесе заңнамалық талаптар қолданылады.

2.3. Саясатты қолдану осыған ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС ішкі қүжаттарын осы Саясатқа сәйкес өзара сәйкестікке келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ретте атальмыш Саясатпен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС осыған ұқсас саясаттарында және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС ішкі қүжаттарында көзделген талаптар деңгейі төмен болмауға тиіс.

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ МУРСКАЯ СПЕЦИАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</small>	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 3-беті
3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР		
Үлестес болу	жеке немесе занды тұлғалардың (өзіне берілген өкілдік шенберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) тікелей және/немесе жанама шешім айқындау және/немесе бір бірі немесе осылардың бірі, соның ішінде өзара жасасқан мәміле барысында қабылдаған шешімге әсерін тигізу мүмкіндігі	
«Самұрық-Қазына» АҚ (Қор)	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы	
Жақын тумалар	ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер	
Лауазымды адамдар	1) занға, өзге құқықтық актіге немесе ҚТКФ құжатына сәйкес ҚТКФ атынан мүдделік танытуға үекілетті тұлғалар 2) ҚТКФ Басқармасының төрағасы және мүшелері	
ЕҰ	еншілес ұйымдар	
Сұраныс бастамашысы	контрагентті тексеруге арналған өтінімді ресімдеу және Жауапты ҚБ жолдау үшін жауапты ҚБ қызметкери	
Инвестициялық жоба	Инвестициялық жоба – экономикалық пайда алууды, сондай-ак басқадай занды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлесі) сатып алу мақсатында жаңа өндірістерді құруды, оларды кеңейтуді және қатарға қосылған өндірістерді жаңартуды көздейтін өзара байланысты кешенді іс-шаралар	
АТ	ақпараттық технологиялар	
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	
ҚТКФ	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС	
Контрагент	ҚТКФ өзара шарт/келісім жасасқан не болмаса жасасуын жоспарлап отырған жеке немесе занды тұлға	
Мүдделер тартысы	ҚТКФ Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының Жеке пайдасы немесе қызметі ҚТКФ мүдделеріне қайши келетін немесе осылармен қайши келуі ықтимал және осылайша олардың өз қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде орындауына әкеліп соктыруы және ҚТКФ қатысты мәселелер жөнінде объективті шешім қабылдауға теріс әсерін тигізуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе жағдаяттар	
Комплаенс <i>(ағылышын тілінде compliance – сәйкес болуы)</i>	қандай да болмасын ішкі немесе сыртқы талаптарға немесе нормаларға сәйкес болу. Бұл қағидаларды, зандарды, саясаттар мен стандарттарды ұстану. Ең алдымен бұл үздік әлемдік практикаға сүйене отырып сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты болады	
Жауапты ҚБ	Комплаенс қызметі/комплаенс үшін жауапты тұлға (ҚТКФ контрагенттеріне қатысты), ҚБ/ЕҰ контрагенттерін тексеру үшін жауапты тұлға (ЕҰ контрагенттеріне қатысты)/ корпоративтік және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапты	

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Наурызбай мен Амангалиев компаниясы</small>	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттін 4-беті

	құрылымдық бөлімше (ҚТКФ және ЕҰ қатысты ақпараттық-анықтамалық жүйелер бойынша тексеру бөлігінде)
Саясат	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты
Саяси маңызды адам	<p>1) Мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не болмаса Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметті атқаратын және мемлекет міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында қызметтік уәкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</p> <p>2) Лауазымда тұлға – тұракты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша билік өкілдерінің функцияларын жүзеге асыратын не болмаса мемлекеттік органдарда үйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адам;</p> <p>3) Шетелдік лауазымды тұлға – шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы, соның ішінде шетелдік жария жиналысының мүшелері, халықаралық үйымдардың лауазымды тұлғалары, халықаралық парламент жиналысының мүшелері, шет елдің судьялары және халықаралық соттың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ шет елдердің әскери күштері мен өзге әскери құрамаларындағы лауазымды тұлғалар</p>
ҚР	Қазақстан Республикасы
Қызметкер	ҚТКФ еңбек қатанастарында тұратын және жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайтын адам, сондай-ақ агенттіктер арқылы шарт бойынша және азаматтық-құқықтық сипатындағы шарт бойынша тартылатын өзге адамдар
PR (Public Relations, пиар)	жүртшылықпен байланыс
Айқындағыш деректер	Контрагент атауы/ ТАӘ.а (жеке дара кәсіпкер болған жағдайда), бизнес-сәйкестендірме нөмірі (БСН), жеке сәйкестендірме нөмірі (ЖСН) және басқадай деректер
Жекжаттар	Аға-інілер, апа-сіңлілер, ата-аналар және жұбайының (зайыбы) балалары
ҚБ	Құрылымдық бөлімше
КАҚҚ	корпоративтік және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапты ҚБ

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Национальный транспортный холдинг</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 5-беті

БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ЭҚЖ	электрондық құжатайналымы жүйесі

4. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНИМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

4.1. ҚТКФ контрагенттердің сенімділігін тексеруді осылармен шарттық қатынастарды орнатпастан бұрын жүзеге асырады. Саясатта сипатталған рәсімдер ҚТКФ жаңа және бұдан бұрын қалыптасқан барлық қатынастарына қатысты қолданылады:

- 1) Контрагентпен шартты жасаспастан бұрын;
- 2) Контрагентпен әрекет үстіндегі шарттық қатынастар қалыпты деңгейде сақталған жағдайда әрбір екі жыл;
- 3) шарттық қатынастар мезгілінде Контрагенттің негізгі тұлғалары және/немесе меншік иелері/бенефициар иелері ауысқаны туралы ақпараттың белгіленген жағдайында.

4.2. Контрагенттерді категориялау

4.2.1. ҚТКФ Контрагенттердің сенімділігін тексеру кезінде ҚТКФ тәуекел-бағдар әдісін қолданады.

4.2.2. Осы Саясатқа сәйкес барлық ҚТКФ Контрагенттері мына санаттарға бөлінеді:

- 1) I Топ Контрагенттері,
- 2) II Топ Контрагенттері.

4.2.3. I Топ Контрагенттеріне мыналар жатады:

- 1) «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беру акцияларының (қатысу үлесі) елу және одан жоғары пайызы меншіктену немесе сенімді басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама тиісті үйымдар;
- 2) мемлекеттік органдар және ведомстволар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, кемелер;
- 3) ҚР мемлекетіне және басқадай мемлекеттерге тиісті және осылармен бақыланатын үйымдар;
- 4) табиғи монополиялар;
- 5) DAX 30¹, CAC40², S&P500³, EURO STOXX 50⁴, Hang Seng Index⁵ және Nikkei 225⁶ индекстеріндегі ірі трансұлттық компаниялар;
- 6) Қазақстан және Ресей қорларының биржаларында, «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында сауда-саттық жүргізіп отырған және тоқсан сайынғы ашып көрсетілетін есептілікті беріп отыратын акционерлік қоғамдар;
- 7) ҚР Энергетика министрлігімен жер пайдалануға келісім шарт жасасқан жер пайдаланушылары;
- 8) ҚР Энергетика министрлігінің Кестесіне сәйкес облыс әкімдіктерінің ауыл шаруашылығының басқармаларын бөлу тізімдеріне сай көктемгі-күзгі дала жұмыстары

¹ <https://www.marketscreener.com/DAX-7395/components/>

² <https://www.marketscreener.com/CAC-40-4941/components/>

³ <https://www.marketscreener.com/S-P-500-4985/components/col=&asc=0&fpage=7>

⁴ <https://www.marketscreener.com/EURO-STOXX-50-7396/components/>

⁵ <https://www.marketscreener.com/HANG-SENG-101835/components/>

⁶ <https://www.marketscreener.com/NIKKEI-225-4987/components/>

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>ҚАРДИНАЛЫМ МОРСКАЯ ГУБЕРНАЦИОННАЯ КОМПАНИЯ</small>	<p>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты</p>	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 6-беті

кезеңінде дизель отынының жеткізілімін жүргізу бойынша міндеттемелерді орындау шенберінде Контрагенттер;

9) КР Энергетика министрлігінің Кестесіне сәйкес облыс әкімдіктерінің тұрғын үй-коммуналдық және энергетика шаруашылығының басқармаларын бөлу тізімдерінен сай көктемгі-күзгі дала жұмыстары кезеңі ішінде дизель отынының жеткізілімін жүргізу бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде Контрагенттер;

10) КР Энергетика министрлігінің ай сайынғы жоспарларына сәйкес КР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газының жеткізілімін жүргізу, сондай-ақ электрондық сауда алаңдары арқылы және электрондық сауда алаңдарынан тыс жеткізілім жүргізу жоспарлары бойынша міндеттемелерді орындау шенберінде Контрагенттер;

11) мұнай өндідеу зауыттарының мұнай берушілері.

4.2.4. I Топтағы ҚТКФ Контрагенттері кейінгі уақытта тексерілуге жатпайды.

4.2.5. II Топ Контрагенттеріне мыналар жатады:

1) осы Саясатқа сәйкес тауарлардың/қызметтердің/жұмыстардың саудасаттығын/сатып алуларын, лимит құнынан жоғары негізгі жабдықты сатып алады жүзеге асыратын Контрагенттер;

2) I Топқа жатпайтын банктер, сақтандыру компаниялары және басқадай қаржы институттары (лимитсіз);

3) қауымдастықтар, қорлар, одақтар, кооперативтер, сауда палаталары және өзге коммерциялық емес үйымдар (лимитсіз);

4) ҚТКФ атаулы активтерін және негізгі жабдықтарын сатып өткізуге қатыс

Контрагенттер;

5) ҚТКФ инвестициялық жобаларына қатысатын (лимитсіз) Контрагенттер

- Контрагенттің сенімділігін тексеру түрлері**

. Саясат ережелеріне сәйкес Контрагенттің сенімділігін тексеру түрлері:

 - 1) Контрагентті кешенді тексеру,
 - 2) Контрагентті лимиттелген тексеру,
 - 3) Контрагентті сирекшіл бойынша тексеру.

4.3.2. Контрагенттің мәншүлі тәсессү

4.3.2. Контрагентті кешенді тексеру

4.3.2.1. Контрагентті кешенді тексеруге негізде анықтаудың ретінде мыналар болып табылады:

- 1) II Топтағы Контрагенттермен жасасқан мәмілелер, бұл жағдайда әлеуеттің Контрагентпен жүргізілетін сатып алулар бір көзден (4.3.3. тармақта баяндалған жағдайларды қоспағанда) жүргізілетін болады:

- 2) Инвестициялық жобаларды іске асыру (экономикалық пайда табу, сондай-ақ басқадай занды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлесі) сатып алу мақсатында жаңа өндірістерді құруға, қатардағы/жаңа өндірістік қуаттарды кеңейтуге және жаңғыртуға инвестицияларды тартуды қөздейтін өзара байланысты болатын кешенде іс-шарарадар);

- 3) үшінші тұлғаларға ҚТКФ активтері мен негізгі жабдықтарын, соның ішінде ҚТКФ компанияларындағы үлесті сатып еткізу (атауды сатып еткізу жағдайында).

4.3.3. Контрагентті димиттедген тексеру

4.3.3.1. Контрагентті лимиттелген тексеруге негіздеме ретінде мына жағдайлар болып табылады:

- 1) Қор күжаттарына (тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сатып алулар рәсімін регламенттейтін) сәйкес тендерге катысуға әлеуетті

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>НАЦИОНАЛЬНЫЙ МОРСКОЙ СЛУЖЕЧИЙ КОМПАНИЯ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 7-беті

жеткізушилермен беріліп, кері қайтарылмаған бір-ақ өтінімнің немесе кері қайтарылмаған бір-ақ баға ұсынымының болуына байланысты өткізілген бәсекелі тендер рәсімі өткізілмеді деп жарияланған кез келген сатып алуарды тендер өткізу, баға ұсынымдарын сұрату әдістерімен жүзеге асыру;

4.3.4. Контрагентті сұраныс бойынша тексеру

4.3.4.1. Контрагентті тексеруге негізде де сенімділікті, үлестес болу ықтималдығын, мұдделер тартысын және/немесе өзге тәуекелді анықтау мәніне ҚТКФ Қадағалау кеңесінің мүшелері, ҚТКФ Басқармасының мүшелері, ҚБ атынан келіп түскен ресми сұраныстар болып табылады.

4.3.4.2. Контрагенттерді сұраныс бойынша тексеру кешенді тексеру сияқты жеке фактілерді тексеру мақсатында жүргізілуі мүмкін.

4.4. Құндық лимиттер

4.4.1. ҚТКФ құндық лимиттерді алайқтық, сыбайлас жемқорлық тәуекелін, сондай-ақ ішкі ресурс қамтамасыздығын ескере отырып тиісінше сақтықты таныту арқылы айқындауға тиіс.

4.4.2. Құндық лимит Контрагентті тексеруге өтінімді жолдаған күніне ҚР Ұлттық Банк бағамы бойынша 50 000 (елу мың) АҚШ долларын құрайды.

Шетелдік контрагенттер бойынша құндық лимит Контрагентті тексеруге өтінімнің жолданған күніне ҚР Ұлттық Банк бағамы бойынша 10 000 (он мың) АҚШ долларын құрайды.

4.4.3. Шарт бойынша жалпы сомасы құндық лимиттен төмен белгіленіп отырған II топ Контрагенттері кейнгі уақытта тексеруге жатпайды. Егер Контрагентпен құндық лимиттен төмен бірнеше шарт жасасып, осы ретте осы сияқты шарттардың жалпы сомасы құндық лимитке дейін жететін болса, осы сияқты Контрагент осы Саясатқа сәйкес тексерілуге жатады.

4.5. Контрагентті сенімділікке тексеру үшін бастамашылық таныту процесі

4.5.1. Контрагентті сенімділікке тексеруді бастамастан бұрын Сұраныс бастамашысы Контрагентті тексеруге арналған өтінімді ресімдейді және оны Жауапты бөлімшеге жолдайды.

4.5.2. Сұраныс бастамашысы – ҚБ қызметкері, ол:

- 1) сатып алуар бастамашысы болып табылады,
- 2) инвестициялық жобаны іске асырады,
- 3) активті атаулы сатып өткізу үшін жауапты болады,
- 4) ҚБ басшысы болып айқындалады.

4.5.3. Сұраныс бастамашысы Жауапты бөлімшеге сұранысты жолдамастан бұрын мыналар үшін жауапты болады:

- 1) осы Саясат талаптарына және құндық лимиттерге сәйкес Контрагенттер туралы деректердің толық берілуі;
- 2) Контрагенттерді тиісті топ (I және II) санатына жатқызу және оның тексеруден алынған тізімде (I Топ) болуы;
- 3) II Топқа жатқызылған Контрагенттен толықтай толтырылған Контрагенттің Сауалнамасы (№1 Қосымшаны қараңыз), сондай-ақ оны тексеру үшін қажетті құжаттар (№2 Қосымшаны қараңыз);

 Саясат	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	KMTF-PT-069.1-13	21 беттін 8-беті
--	--	-------------------------	-------------------------

4) барлық қажетті құжаттардың 2 Қосымшаға сәйкес берілгені туралы күелік. Сұраныс бастамашысы толықтай берілмеген құжаттарды қажеттігіне қарай сұратуға міндettі. Егер қандай да болмасын құжаттар берілмеген болса, Сұраныс бастамашысы Контрагенттен осы сияқты құжаттардың берілмеу себептеріне түсініктеме сұратуға міндettі;

5) Контрагентті тексеруге арналған өтінім шеңберінде барлық берілген құжаттардың Жауапты бөлімшеге жолдануы.

4.5.4. Жауапты бөлімше Контрагентті уақтылы тексеру, алынған сұраныстарды, осы Саясаттың № Қосымшасында айқындалған нысан бойынша жүргізілген тексерістердің (сұраныс күнін, есептеме күнін және тексеру түрін қоса алғанда) Тізілімін жүргізу жауапкершілігін артады.

5. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ РӘСІМІ

5.1. Контрагенттің сенімділігін кешенді тексеру

5.1.1. Контрагентті кешенді тексеру Контрагентті толықтай тексеру ретінде мына тәртіппен жүзеге асырылады:

Жауапты бөлімшениң қызметкери заңды тұлғалар үшін Контрагент туралы негұрлым қолжетімді мәліметті ашық ақпарат көздерін (ақпараттық-анықтамалық жүйелер) қолдана отырып жинауга және мыналарды тексеруге тиіс:

1) Контрагенттің негізгі тіркелім деректері, соның ішінде құқықтық мәртебесін (әрекет үстіндегі/ іс-әрекеті аяқталған), негізгі және қосымша қызмет түрлерін, басшысы және иеленуші мен иеленушілері туралы деректер (мүмкіндігіне қарай жеке тұлғага немесе жеке тұлғаларға дейін иелену жағдайын анықтау қажет болады), лицензиялардың болуы. Егер тексеріліп отырған Контрагенттің мажоритарлық иеленушісі (басқару үлесі 50 пайыздан жоғары заңды тұлға) I Топтағы компаниялардың санатына жататын болса, осы Контрагентті тексеру тоқтатылуы мүмкін. Болмаған жағдайда Жауапты Контрагенттің қызметкери кезекті шараларды алады;

2) Контрагенттің басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің Саяси маңызды адам болмауы;

3) Контрагент басшыларының және/немесе иеленушілерінің/ортак иеленушілерінің әкімшілік/қылмыстық жауапкершілікке тартылу фактілерін, салық берешегінің болуын анықтау;

4) заңды және нақты мекен-жайдың, жалпы тіркелген мекен-жайдың болмауын тексеру;

5) салық есебіне тіркеуге қою, салық есептеулерінің қарқындылығы, салықтар және басқадай міндettі төлемдер бойынша берешектің болуы немесе болмауы;

6) Контрагентке қатысты ағымдағы сот істерінің болуы, банкроттық туралы немесе атқарушылық іс жүргізу;

7) жылжымалы және жылжымалы емес мүлік, ақшалай қаражат ауыртпалықтарының болуы;

8) соңғы қолжетімді қаржы жылы бойынша бухгалтерлік (қаржы) есептіліктің болуы;

9) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушінің/ортак иеленушінің шетелдік юрисдикцияларда (соның ішінде оффшорлық) тіркелмеуі;

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>ҚАСАДАМЫҢ МИРСАК СОЛДАУЛАМАН КИТАМАСЫ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 9-беті

10) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің бенефициары, мекен-жайы, телефон номірі, e-mail немесе веб-сайтының ҚТКФ басқадай ортақ Контрагенттерімен үлестес тұлға болуы;

11) Контрагенттің мемлекеттік сатып алуарлардың және Қор сатып алуарларының сенімсіз жеткізушилері тізімінде болуы;

12) Контрагенттің Жер қойнауын пайдалану туралы заң бұзушылықтарына жол беруі;

13) Контрагенттің басшысына/құрылтайшысына қатысты атқарушылық іс жүргізу жағдайының орын алуы;

14) Мемлекеттік кірістер комитетінің санаттау нәтижелері бойынша Контрагенттің тәуекел деңгейін анықтау; жоғары тәуекел деңгейі анықталған жағдайда Контрагент үшін қызыл аймақты белгілеу;

15) Контрагент басшысының оның жалғыз құрылтайшысы болуы;

16) Контрагенттің жеке корпоративтік веб-сайтқа ие болуы;

17) Контрагенттің/басшысының және/немесе иеленушінің/ортак иеленушінің Контрагенттің басшысы болып бес және одан артық контрагент-компанияларда басшы болуы;

18) Контрагенттің келісім шарт жасасқанға дейін (360 күн және одан аз уақытта) азғантай уақыт ішінде тіркелуі;

19) Контрагенттің келісім шартты жасасудың жорамалды күнінен кейін тіркелуі;

20) Контрагенттің тендер комиссиясының мүшелерімен қарым-қатынаста болуы;

21) Контрагенттің іс-әрекеті жарамды заңды тұлға ретінде болуы;

22) Контрагенттің жекешелендіру тізімдеріне енгізілуі;

23) ашық ақпарат көздерінде, сондай-ақ Жауапты бөлімше үшін ресми қолжетімді көздерде жағымсыз сипатқа ие өзге мәліметке қолжетімділік;

24) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің мына тізімдерге енгізілуі:

а) Контрагент басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің ҚТКФ қызметкері болуы;

б) Контрагенттің, оның басшыларының немесе бенефициарлық иеленушісінің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесіндегі юрисдикцияларда тіркелуі;

с) Контрагент басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің ҚТКФ қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мұдделер тартысын реттеу саласындағы ішкі құжаттарына сәйкес **Мұдделер тартысы туралы ақпаратты тіркеу және жүргізу журналында** тіркелгенін тексеру;

д) Контрагенттің сенімсіз Контрагенттердің мемлекеттік тізліміне енгізілуі;

е) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің санкциялық тізімдерге (халықаралық және бір жақты - әлеуетті шетелдік Контрагенттер үшін), ҚР бойынша қызметіне тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың тізіміне енгізілуі туралы мәлімет;

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>МЕДИАКОМПАНИЯ МІРСАЛАН САУДІДІМ НАМЫСЫЛЫ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 10-беті

f) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің ҚТКФ/КМГ/Қордың үлестес тұлғаларының тізіліміне енгізілуі туралы мәлімет;

g) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің ҚТКФ Жедел желісіне өтініш берушілердің тізілімінде болуы;

h) Контрагенттің ҚТКФ алдында мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешекке ие борышкерлердің тізіміне немесе кінәрат-талап қою жұмыстары жүргізіліп отырған ҚТКФ Контрагенттерінің тізіміне енгізілуі;

i) Контрагенттің ТМД елдерінің аумағы бойынша қызметіне тыйым салынған компаниялардың тізіліміне енгізілуі;

j) Контрагенттің/оның басшысының және/немесе иеленушісінің/ортак иеленушісінің сыйбайлас жемқорлық/экономикалық қылмыс үшін іздестірілгендердің тізіліміне енгізілуі/ не болмаса сыйбайлас жемқорлық/экономикалық қылмыс үшін мерзімі алынбаған соттылықтың болуы;

k) Контрагент/оның басшысы және/немесе иеленуші/ортак иеленуші осыларға қатысты экстремистік қызметке немесе терроризмге қатыстылығы туралы мәлімет белгілі болған ұйымдардың/жеке тұлғалардың тізіміне енгізілуі.

Осы тізім түпкілікті болып табылмайды және оған Жауапты бөлімшениң қызметкерлерімен тексеру жүргізу процесінде толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Жауапты бөлімшениң қызметкері жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін ашиқ ақпарат көздерін (ақпараттық-анықтамалық жүйелер) қолдана отырып негізгілік қолжетімді мәліметті жинауга және мыналарды тексеруге тиіс:

1) жеке тұлғаны растайтын төлкүжаттық деректердің немесе құжаттың өзара сәйкестігі, мекен-жай тіркелімі, осы адамда бірнеше құжаттардың болуының ықтималды фактісін анықтау;

2) Контрагенттің дара кәсіпкер ретінде тіркелгенін растау және осы сияқты адамның кәсіпкерлік қызметін уақытша тоқтатудың немесе мұлдем тоқтатудың ықтималды фактісін анықтау;

3) Контрагенттің Саяси маңызға ие адам болуы;

4) Контрагенттің ҚТКФ қызметкері болуы;

5) Құрылтайшысы, қатысушысы және/немесе басшысы осы Контрагент болып табылатын заңды тұлғаларды анықтау;

6) осы тұлғаның іс-әрекеті жарамсыз заңды тұлғага қатысуын тексеру;

7) салықтар және атқару парагы бойынша берешектің болуы;

8) Контрагенттің қылмыстық, әкімшілік жауапкершілікке тартылу, іздеу салу, сот тартыстарына қатысу, сот процестері нәтижелерінің немесе шектеулердің (мәселен, елден кетуге) болу фактілері;

9) Контрагенттің қылмыстық және өзге іздестірілуі;

10) Контрагенттің шетелдік юрисдикцияларда (соның ішінде оффшорлық) тіркелуі;

11) Контрагенттің басқадай Контрагенттермен ортақ мекен-жайға, телефон нөміріне, e-mail немесе веб-сайтқа ие болуы;

12) Контрагенттің тендер комиссиясының мүшелерімен қарым-қатынаста болуы;

13) Контрагенттің мына тізімдерде болуы:

 Саясат	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 11-беті
--	---	-------------------------	--------------------------

a) Контрагенттің ҚТКФ алдында мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешекке ие борышкерлердің тізіміне немесе кінәрат-талап қою жұмыстары жүргізіліп отырған ҚТКФ Контрагенттерінің тізіміне енгізілуі;

b) Контрагенттің ТМД елдерінің аумағы бойынша қызметіне тыйым салынған компаниялардың тізіліміне енгізілуі;

c) Контрагенттің ҚТКФ Жедел желісіне өтініш берушілердің тізілімінде болуы;

d) Контрагенттің ҚТКФ/ҚМГ/Қордың ұлестес тұлғаларының тізіліміне енгізілуі туралы мәлімет;

e) Контрагенттің сыйбайлас жемқорлық/экономикалық қылмыс үшін іздестірлгендердің тізіліміне енгізілуі;

f) Контрагенттің экстремистік қызметке немесе терроризмге қатыстылығы туралы мәлімет белгілі болған үйымдардың/жеке тұлғалардың тізіміне енгізілуі.

g) санкциялық тізімдерге (халықаралық және біржақты – әлеуетті шетелдік Контрагенттер үшін) енгізілгені туралы мәлімет;

h) Контрагенттің ҚТКФ қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер тартысын реттеу саласындағы ішкі құжаттарына сәйкес **Мүдделер тартысы туралы ақпаратты тіркеу және жүргізу журналында тіркелгенін тексеру;**

i) ашық ақпарат көздерінде, сондай-ақ Жаупты бөлімше үшін ресми көздерде қолжетімді өзге жағымсыз сипатындағы мәлімет.

Тізім түпкілікті болып табылмайды және оған Жаупты бөлімшенің қызметкерлерімен тексеру жүргізу процесінде тоқыттырулар енгізілуі мүмкін.

5.2. Контрагенттердің тәуекел деңгейін жіктеу

5.2.1. Жаупты бөлімше II Топтағы барлық Контрагенттерге тексеру жүргізу барысында мынадай тәуекел деңгейін белгілейді:

- **Жасыл** тәуекел деңгейі;
- **Қызылт сары** тәуекел деңгейі;
- **Қызыл** тәуекел деңгейі.

5.2.1.1. **Жасыл** тәуекел деңгейі осылар бойынша бенефициар белгіленген Контрагенттерге, Контрагенттің өзі сияқты оның нарықтағы бедел-бейнесі бойынша жағымсыз ақпарат белгілі болмаған,

бұдан басқа:

- санкциялық тізімдерге, Саяси маңызға ие тұлғаларға, террористік және тыйым салынған үйымдарға байланысты мүдделер тартысы анықталмаған;
- Контрагентпен ешбір кінәрат-талап қою жұмыстары жүргізілмеген;
- Контрагенттің төлем жүргізу тәртібі ҚМГ үшін онтайлы деңгейде деп анықталған Контрагенттерге белгіленеді;
- Контрагент қызметтерді ұсынуға/ жұмыстарды орындауға, тауарлардың, негізгі құралдың жеткізілімін жүргізуге жарамды болған.

5.2.1.2. **Қызылт сары** тәуекел деңгейі мына жағдайдарда белгіленеді:

- 1) Контрагенттердің тәуекелі жоғары қызмет түрлерін ұсынуы: маркетинг, жарнама, PR, консалтингтік, заңды, ақпараттық, нотариалдық қызметтер, оку, тренингтер, семинарлар, мерекелік және бизнес іс-шараларын, мәжілістерді үйымдастыру, брокерлік қызметтер, агенттер, АҚ қызметтері, күрделі және ағымдағы

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>ҚАРДИНАЛЫК БІРЛІКТЕ СУДОВАДАЛЫК КОМПАНИЯСЫ</small>	«Қазактенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-РТ-069.1-13	21 беттін 12-беті

жөндеу, құрылыш жұмыстары, орын-жайларды, гимараттар мен имараттарды жалға беру бойынша қызметтер, жүктерді таситын және жеңіл автокөлікті, мамандандырылған техниканы жалға беру. Тәуекелі жоғары қызметтердің осы тізбесі түпкілікті болып табылмайды және ҚТКФ оған өз қалауынша толықтыруларды енгізуі мүмкін;

2) Контрагенттің иеленушілері мен бенефициарларын ашық көздерде және дереккөздерде растау мүмкіндігінің болмауы;

3) Контрагент келісім шартты жасаспай тұрып оны көп ұзамай (360 күн және одан аз уақытта) тіркеген;

4) Контрагент иеленушілерінің, меншік иелерінің, басшыларының Саяси маңызды тұлғамен өзара қарым-қатынасы анықталған немесе олар осы сияқты тұлға болып табылған;

5) Контрагентке қатысты жария көздерінде жағымсыз ақпарат белгілі болған;

6) Контрагентке/иеленушілерге, топ-менеджментке қатысты сыйбайлас жемқорлық, коммерциялық сатып алу және т.б. байланысты сот істері қозғалған;

7) ҚТКФ қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделер тартысын реттеу саласында ҚТКФ ішкі құжатына сәйкес декларацияланған мүдделер тартысы болған;

8) ҚТКФ алдында алдыңғы үш жыл бойынша төлемдерді кешіктіру жағдайы және өтелмеген дебиторлық берешек қалыптасқан;

9) Контрагенттің өз келісім шарттық міндеттемелерін орындауды үшін операциялық қуаттылықтардың жеткілікті болуына күмән келтірген;

10) басшының Контрагенттің бес және одан жоғары компанияларында басшы немесе иеленуші/ ортақ иеленуші болған;

11) Контрагент корпоративтік веб-сайт туралы ақпаратты бермеген не болмаса оның веб-сайты болмаған;

12) Контрагенттің жарғылық капиталы заңнамада белгіленген ең төмен табалдырықтан төмен болған;

13) Контрагенттің байланыс телефоны ретінде тек қана ұялы телефон болып табылады.

5.2.1.3. Қызылт сары тәуекел деңгейінде Контрагент белгілерінің осы тізімі түпкілікті болып табылмайды. Жауапты бөлімше тексеру жүргізу барысында **қызылт сары тәуекел деңгейі** ретінде жіктелетін оның басқадай белгілерін анықтауы мүмкін.

5.2.1.3.1. Егер Контрагентке **қызылт сары тәуекел деңгейі** белгіленген жағдайда өзара іс-қимыл жасау уәкілетті лауазымды тұлғамен осы макұлданатын болса ғана мүмкін. Жауапты бөлімше сұраныс Бастамашысына тексеру нәтижелерін береді. Осы ретте жеткізушілерге кез келген алдын ала төлемақы тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің сатып алуларын регламенттейтін Қор құжаттарына сәйкес авансты қайтаруды қамтамасыз ету талап етілмейтін тұлғалардың санатын қоспағанда банк кепілдігі болан жағдайда жүзеге асырылған жөн. Осы орайда сұраныс Бастамашысы уәкілетті Лауазымды тұлғағын макұлдауын корпоративтік электрондық пошта, ЭҚЖ бойынша немесе келісілуін жүргізу осы сияқты Контрагентпен жасасқан келісім шартқа Лауазымды тұлғаның қол қоюы арқылы алады.

5.2.1.4. **Қызыл тәуекел деңгейі** төменде көрсетілген кез келген критерийлердің (тоқтатым критерийлер) бірі анықталған жағдайда белгіленеді, тексеру материалдары сұраныс Бастамашысына және уәкілетті Лауазымды тұлғаға жолданады. Уәкілетті

 Саясат	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 13-беті
--	---	-------------------------	--------------------------

Лауазымды тұлға осы Контрагентпен ынтымақтастықты дамыту тиімділігі туралы шешім қабылдайды:

- 1) Контрагент бұрмалау белгілеріне ие құжаттарды берген;
- 2) Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың мұдделер тартысын реттеу саласындағы ішкі құжатқа сәйкес декларацияланбаған мұдделер тартысы анықталған;
- 3) ҚР корпоративтік тізілімінде Контрагент-резидент туралы жазба белгісі жасалмаған;
- 4) Қазақстан Республикасының тізілімінде Контрагенттің сәйкестендірме нөмірі Контрагент берген деректерге сәйкес келмеген;
- 5) Контрагент өз иеленушілері туралы деректерді ашып жария етпеген;
- 6) Контрагенттің меншік иесінің немесе басшысының сәйкестендірме нөмірі жарамсыз болған;
- 7) Контрагент сенімсіз Контрагенттердің тізіліміне енгізілген (мемлекеттік тізілімдердің деректері бойынша);
- 8) Контрагент, оның басшысы және/немесе иеленушісі/ортак иеленушісі осыларға қатысты экстремистік қызметке немесе терроризмге қатыстылығы туралы мәлімет белгілі болған үйымдардың/жеке тұлғалардың тізбесіне енгізілген;
- 9) Контрагент қайта құру, тарату немесе бакрот деп жариялау деңгейінде болған;
- 10) Контрагент келісім шартты болжамды жасасқан күнінен кейін тіркеген;
- 11) Контрагент ҚТКФ Жедел желісіне келіп түскен хабарламалардың тізіліміне енгізілген;
- 12) Контрагент/иеленушілері/басшылар ҚТКФ үлестес компаниялардың және тұлғалардың тізімдеріне енгізілген;
- 13) Контрагент жекешелендіру тізімдеріне енгізілген;
- 14) Контрагент жарамсыз занды тұлға деп танылған.

5.2.1.4.1. Қызыл тәуекел деңгейінде Контрагент белгілерінің осы тізімі түпкілікті болып табылмайды. Жауапты бөлімше тексеру жүргізу барысында **қызыл тәуекел деңгейі** ретінде жіктелетін оның басқадай белгілерін анықтауы мүмкін.

5.2.1.4.2. Егер Контрагентке **қызыл тәуекел деңгейі** белгіленген жағдайда кейінгі уақытта өзара іс-қимыл жөніндегі шешімді тек қана Лауазымды тұлға (декларацияланбаған мұдделер тартысы, Контрагенттің жекешелендіру тізімдеріне енгізілген немесе Контрагенттің Жедел желіге берілген хабарламалар тізіліміне енгізілген жағдайларды қоспағанда) қабылдауы мүмкін. Жауапты бөлімше сұраныс Бастамашысына тексеру нәтижелерін береді. Сұраныс Бастамашысы уәкілетті Лауазымды тұлғаның мақұлдауын корпоративтік электрондық пошта, ЭҚЖ бойынша келісілуін жүргізу түрінде немесе Луазымды тұлғаның осы сияқты Контрагентпен жасасатын келісімге қол қою арқылы алады.

5.2.2. Жауапты бөлімшенің декларацияланған/декларацияланбаған мұдделер тартысы анықталған және/немесе Контрагенттің ҚТКФ үлестес тұлғаларының тізімдеріне, жекешелендіру тізіліміне енгізілген немесе Жедел желіге берілген хабарламалар тізіліміне енгізілген жағдайда осы Саясаттың 5.3.-5.5. ережелерін басшылыққа алған жөн.

 Саясат	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 14-беті
---	---	-------------------------	--------------------------

5.3. Контрагентті лимиттелген тексеру

5.3.1. Егер ҚТКФ Контрагентпен жүргізілетін жұмыстан «Самурық-Қазына» АҚ электрондық аландарында жүргізілген тендерлік ресімдердің нәтижелері, атап айтқанда ашық тендер немесе екі кезеңді ашық тендер өткізу, осы Саясаттың 4.3.3 тармағына сәйкес бір көзден баға ұсынымдарын сұрату бойынша бас тарту мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда, сұраныс Бастамашысы жеңімпаз деп танылуы жоспарланған Жауапты бөлімшеге лимиттелген тексеруге арналған сұранысты жолдайды.

5.3.2. Жауапты бөлімше **занды тұлғалар, жеке тұлғалар және дербес кәсіпкерлер** үшін:

- Контрагенттің басшысы, иесі немесе ортақ иеленушілері туралы деректерді (мүмкіндігіне қарай меншік иесі жеке тұлға немесе тұлғалар болғанға дейін анықтаған жөн) жинауға; егер тексерілетін Контрагенттің мажоритарлық иеленушісі (меншіктену үлесі 50 пайыздан жоғары занды тұлға) **«жасыл»** тәуекел белгіленген компаниялардың бірі болса осы Контрагентті тексеру аяқталады; болмаған жағдайда Жауапты бөлімшениң қызметкери кезекті қадамдарды жасайды;

- Контрагенттің басшылары және иесі/ортак иеленушілері ҚМГ қызметкерлері болып табылатынын тексеруге;

- Контрагенттің, оның иелері мен басшысының ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімдеріне енгізілгенін тексеруге;

- Контрагент басшысының және/немесе оның иесінің/ортак иеленушілерінің ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүделлер тартысын реттеу саласындағы ішкі құжатына сәйкес Мұдделер тартысы туралы ақпаратты тіркеуге және жүргізуге арналған журналда тіркелгенін тексеруге.

5.3.3. Лимиттелген тексеру нәтижелері бойынша Мұдделер тартысы болмаған жағдайда жеткізушіні таңдауды Тендер комиссиясы жүзеге асырады.

5.3.4. Декларацияланған/декларацияланбаған Мұдделер тартысы және/немесе Контрагенттің ҚМГ үлестес тұлғаларының тізімдеріне, Контрагенттің жекешелендіру тізіміне немесе Контрагенттің Жедел желіге жолданған хабарламалар тізіліміне енгізілгені анықталған кезде осы Саясаттың 5.4.1. – 5.6.1. тармактарын ұстанған жөн.

5.4. Мұдделер тартысы

5.4.1. Декларацияланбаған Мұдделер тартысы анықталған кезде оның жағдаяттары анықталмай осы сияқты Контрагентпен келісім шарттарды жасасуға тыйым салынады.

5.4.2. Декларацияланған Мұдделер тартысы және/немесе Саяси маңызды тұлғалармен өзара қарым-қатынас анықталған кезде осы Контрагентпен кейінгі уақытта іс-қимыл жасау тек қана уәкілетті Лауазымды тұлғамен макұлдануы мүмкін. Осы ретте макұлдау ретінде Контрагентпен жүргізілетін жұмысты корпоративтік электрондық пошта бойынша, ЭҚЖ бойынша келісу немесе уәкілетті Лауазымды тұлғаның осы сияқты Контрагентпен жасасқан келісім шартқа қол қоюы болып табылуы мүмкін.

5.4.3. Тендер комиссиясының мүшелерімен декларацияланбаған Мұдделер тартысы анықталған жағдайда декларацияланбаған мұдделер тартысына қатыстылығы бар тендер комиссиясының мүшесі Контрагентті таңдау процесінен шеттетіледі (Контрагентті ірікте таңдау кезінде дауыс беру құқығына ие болмайды).

5.4.4. Тендер комиссиясының мүшелерімен декларацияланған Мұдделер тартысы анықталған жағдайда осыған қатыстылығы бар тендер комиссиясының мүшесі

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Міжнародная транспортная компания</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 15-беті

Контрагентті таңдау процесінен шеттетіледі (Контрагентті іріктең таңдау кезінде дауыс беру құқығына ие болмайды).

5.4.5. Мұдделер тартысын кейінгі уақытта реттеу қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың Мұдделер тартысын реттеу саласында ҚМГ ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

5.5. ҚТКФ үлестес тұлғаларының тізімдері

5.5.1. Осы тізімге Контрагенттің, оның басшысының немесе иесінің енгізілгені анықталған кезде аталмыш Контрагентпен жұмыс немесе келісім шартты жасасу тоқтатылады. Жаупты бөлімше сұраныс Бастамашысын 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

5.6. Контрагенттің Жедел желіге келіп түскен хабарламалар тізіліміне және/немесе Жекешелендіру тізімдеріне енгізілуі

5.6.1. Осы тізімде Контрагенттің, оның басшысының немесе иесінің енгізілгені анықталған кезде аталмыш Контрагентпен жұмыс немесе келісім шартты жасасу тоқтатылады. Жаупты бөлімше сұраныс Бастамашысын осы турасында 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

5.7. Контрагентті сұраныс бойынша тексеру

5.7.1. Контрагентті сұраныс бойынша тексеру міндепті болып табылмайды, ол ҚБ сұранысы бойынша жүзеге асырылады және оны жекелеген фактілерді анықтау мақсатында 5.1. тармақта атап көрсетілген Контрагентті кешенді тексеру немесе кешенді тексеру элементтері құрауы мүмкін.

6. КОНТРАГЕНТТИ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

6.1. Жаупты бөлімше Контрагентті тексеру мақсаттары үшін мына ақпарат көздерін қолдануы мүмкін:

6.1.1. Kompra.kz және Spark Interfax⁷ сияқты ҚР, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және басқадай ТМД елдерінің Контрагенттері туралы автоматтандырылған ақпарат агрегаторы;

6.1.2. D&B Hoovers, ICIJ Offshore Leaks Database⁸, OpenCorporates⁹ сияқты шетелдік Контрагенттер туралы дереккөз және басқасы;

6.1.3. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті сияқты ресми мемлекеттік корпоративтік тізілімдер;

6.1.4. ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервис» ақпараттық автоматтандырылған жүйесінің порталы;

6.1.5. Заңды және жеке тұлғаларды Саяси маңызды тұлғалармен, қылмыстық топтармен байланыста болуын, өзге тәуекелді¹⁰ тексеру үшін World-Check дереккөзі;

6.1.6. Қолжетімді сот тізілімдері;

6.1.7. БАҚ деректері және ашық ақпараттың өзге көздері;

6.1.8. Контрагент туралы жағымсыз ақпаратты қамтитын жұмыс берушілер/клиенттер/серіктестер туралы пікір алмасу форумы;

⁷ Доступ у указанным агрегаторам осуществляется по платной подписке

⁸ <https://offshoreleaks.icij.org/>

⁹ <https://opencorporates.com/>

¹⁰ Доступ у указанной базе осуществляется по платной подписке

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>ҚАЗАҚСТАН МОРСКАЙ СЕДЛІСКАЙ КОМПАНИЯ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 16-беті

6.1.9. Контрагенттің негізгі тұлғалары туралы ақпаратты тексеру үшін LinkedIn, Facebook, VK.kz және басқасы сияқты әлеуметтік желілер.

7. КОНТРАГЕНТТИ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРИ

7.1. Контрагенттің сенімділігі ақпараттың сыртқы және ішкі ашық көздерінен белгілі болған деректерді қолдана отырып, сондай-ақ тиісінше ҚБ атынан сұранысқа бастамашылық танытылған сәтінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде Контрагент берген құжаттар негізінде тексеріледі.

7.2. Жауапты бөлімшениң қызметкері сұраныс бастамашысына жолдау үшін Контрагент туралы белгілі болған деректерді жинау және талдау нәтижелері бойынша деректемені түзіп жасайды және есептемені ([4-Косымшаны қараңыз](#)) қалыптастырады. Деректемеге Контрагентпен толтырылған Саулнама, тиісінше Контрагенттен алынған құжаттар жалғанады ([1,2-Косымшалар](#)).

7.3. Контрагенттің тексеру нәтижелері Контрагентпен өзара қатынастар аяқталғаннан кейін электрондық түрде кемінде үш жыл ішінде сақталады.

7.4. Контрагенттерді тексеру нәтижелері Контрагенттерге немесе өзге үшінші тұлғаларға толықтай немесе ішінера берілуге жатпайды.

8. КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ

8.1. ҚТКФ шарт жасасқан Контрагентті тексерудің жарамды мерзімі екі жылды құрайды.

8.2. Саясаттың 8.1. тармағында көрсетілген мерзім аяқталған және Контрагентпен іскерлік қытаныстар сақталған жағдайда Контрагентке осы Саясат талаптарына сәйкес қайтара тексеріс жүргізіледі.

8.3. Егер сұраныс бастамашысына Контрагенттің негізгі тұлғасының және/немесе иесінің ауыстырылғаны белгілі болған жағдайда Контрагентке кезектен тыс тексеріс жүргізіледі.

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>ҚОДАМБАЙ МУРСАН СЫЗЫМЫНЕН АЙМАКАНА</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты
Саясат	KMTF-PT-069.1-13

21 беттің 17-беті

1 Қосымша

КОНТРАГЕНТ САУАЛНАМАСЫ

А БӨЛІМІ: жалпы мәлімет (Контрагентпен толтырылуға тиіс)

Занды тұлғаның атауы

Бизнес-сәйкестендірме нөмірі (БСН) немесе өзге сәйкестендірме нөмірі (шетелдік компаниялар үшін):

Тауар белгісі

Жеке сәйкемстендірме нөмірі (ЖСН; жеке тұлғалар үшін):

Занды мекен-жайы

Кала

Пошталық индексі

Нақты тұрғылықты жері

Кала

Пошталық индексі

Елі

Өнір / Облыс

Телефон

Факс

Электрондық поштасы

Үйым сайты

Тіркелген күні және жері

Негізгі қызмет түрі

Бас директордың Т.А.Ә.а

Бас бухгалтердің Т.А.Ә.а

Қызмет көрсетуші банк атауы

(«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ»

ЖШС атынан төлемдерді жүргізу үшін деректемелері көрсетілуге тиіс банк шоты)

Банктік шот нөмірі

Б БӨЛІМІ: Иелену құрылымы (Контрагентпен толтырылады)

Тұпкілікті бенефициарларды қосқанда осылардың бақылауындағы компанияның акционерлері мен тұлғалары туралы акпарат

Бас директор/Басқарма/Директорлар кеңесі

Еншілес компаниялар және филиалдар туралы акпарат

В БӨЛІМІ: Тәуекел туралы акпарат (Контрагентпен толтырылады)

Саул жауаптарының бірін белгілеп көрсетініз, қажеттігіне қарай қосымша акпаратты беріңіз

Алаяқтық, сыйбайлас жемқорлық, салықтарды төлеуден жалтару, кедендік заннама бұзушылықтары кінәсі тағылып немесе экономикалық санкцияларға байланысты компанияға немесе компанияның қызметкеріне қатысты қазіргі уақытта (немесе соңғы бес жыл ішінде) тергеу жүргізілді ме?

ЖОҚ И. Қосымша акпаратты жазып көрсетіңіз:

«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС өзара операцияларды жүргізу мақсатында Компания еншілес компанияларды, филиалдарды қосқанда өзге занды тұлғаларды (косалқы мердігерлер), серіктестерді немесе бірлескен кәсіпорындарды, сондай-ақ компанияның қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларды пайдалануды жоспарлайды ма?

ЖОҚ И. Занды тұлғаның толық атауын /жеке тұлғаның Т.А.Ә.а және мекен-жайын, сондай-ақ осы адамдардың компаниямен кандай байланыста болғанын және компания үшін кандай қызмет аткарып отырганын жазып көрсетіңіз:

Сізге «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС компаниясымен сіз жұмыс жасайтын компанияға төленетін ақшалай қаражаттың ішінара белгін осы компанияның қызметкеріне аудару туралы ұсыныс жасалған жағдайлар белгілі болды ма? Сізге «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС қызметкерлері, акционерлері бола тұра осылардың осы компаниядан ақшалай қаражат алып отырган жағдайлары немесе осы компанияда жұмысты қоса аткарып отырган адамдар туралы жағдаят белгілі болды ма?

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 18-беті

ЖОҚ Иә. «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС қызметкерінің Т.А.Ә.а, қызметін және осы компаниямен өзара іс-кимыл түрін жазып көрсетіңіз

Сіз жұмыс жасайтын компанияда соңғы қаржы жылды бойынша компания активтерінің 25 %-нан жоғары, төлеу мерзімі басталған салықтар мен өзге алымдар (соның ішінде бюджеттен тыс төлемдер) бойынша қандай да болмасын берешек болды ма?

ЖОҚ Иә. Қосымша ақпаратты беріңіз:

Сіз жұмыс жасайтын компанияға қатысты тарату рәсімдеріне бастамашылық танытылды ма?

ЖОҚ Иә. Қосымша ақпаратты беріңіз:

Сіз жұмыс жасайтын компания бұдан бүрын ресми банкрот деп танылды ма?

ЖОҚ Иә. Қосымша ақпаратты беріңіз:

Қазақстандық заңнаманың талаптарын бұзу салдарынан компания қызметін мәжбүрлеп тоқтату шаралары алынды ма?

ЖОҚ Иә. Қосымша ақпаратты беріңіз:

Бас директор немесе өзге уәкілетті тұлға:

Колы:

Күні:

*Дербес деректерді өндегуге өз келісімімді
беремін* _____
(колоы)

Сұратылған қандай да болмасын ақпарат берілмеген жағдайда саулнама қалған уақытта оны қайта толтыру үшін көрініс жақтарылады.

Жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкері Контрагенттің тексеріс нәтижелеріне Контрагент саулнамасын жалғап беруге туіс. Контрагенттің тексеріс нәтижелері Контрагентпен өзара қатынастар аяқталғаннан кейін кем дегенде екі жыл сақталады.

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>Наурызбай менен Мұрзабай Сүлейменовдан компания</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ ЖШС және оның еншілес ұйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 19-беті

2-Қосымша

Контрагент деректемесі

Контрагент құжаттарының төменде көрсетілген көшірмелері мөрдін түпнұскалы мөрбедерімен және «Көшірмесі шынайы» белгісімен (көшірмені растиған Контрагент қызметкерінің қолбелгісін, қызметін және ТАӘ.а (занды тұлғаның Бас директоры немесе Дербес кәсіпкердің өзі) көрсете отырып) расталуға тиіс.

- 1) Контрагентпен толтырылған саудалнама;
- 2) Осы занды тұлғаның құрылтайшыларын көрсете отырып құжаттар сұратылғанға дейін 14 күнтізбелік күнінен кешіктірілмей алынған занды тұлғаны, филиалды немесе өкілдікті тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) құжаттар сұратылғанға дейін 14 күнтізбелік күнінен кешіктірілмей алынған занды (жеке) тұлғаның басқадай занды тұлғаларға қатысуы туралы анықтаманың көшірмесі;
- 4) Контрагентті салық органында есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) Тіркеу туралы бұрыштама соғылған Жарғының көшірмесі (болған жағдайда);
- 6) Контрагенттің басшы органының Бас директорды тағайындау туралы шешімінен жасалған үзінді көшірме; Бас директорды және Бас бухгалтерді тағайындаумен байланысты ішкі бұйрықтар; сенімхаттардың көшірмелері (егер осы колданылатын болса);
- 7) ҚТКФ өзара іс-кимылды жүзеге асыру шенберінде қызмет түрлеріне сәйкес лицензиялар мен сертификаттардың көшірмелері (егер осы колданылатын болса);
- 8) ағымдағы сот процестері туралы акпарат (Контрагенттің талапкер, жауапкер немесе үшінші тарап (егер осы колданылатын болса) ретінде мұдделік білдіру); болмаған жағдайда Контрагенттің қандай да болмасын сот процестеріне қатыспаудына берілген растанама);
- 9) колданыстағы жалгерлік шарт немесе тұрғылыкты жері бойынша меншіктену құқығы туралы куәлік (Контрагенттің занды мекенжайын растайтын);
- 10) салық органының мөрі басылған соңғы есепті күніне берілген каржы есептілігінің көшірмесі;
- 11) Контрагенттің салық салудың карапайым жүйесін пайдалануы туралы хабарлама (егер осы колданылатын болса);
- 12) Салық органының банктерде ашылған шоттары туралы акпараттық хат.

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СЛУЖБОВАЯ КОМПАНИЯ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты
Саясат	КМТФ-РТ-069.1-13

3-Косымша

Өткізілген тексерістерге алынған сұраныстардың тізілімі

 КАЗМОРТРАНСФЛОТ <small>КРЫМСКАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ</small>	«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдары контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты	
Саясат	KMTF-PT-069.1-13	21 беттің 21-беті

4-Қосымша

КОНТРАГЕНТТИ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ			
Тексеріс жүргізуге негізде (шартты жасасу/жоспарланған тексеріс/сұраныс бойынша тексеріс)			
Өтінім номірі			
Контрагент туралы жалпы ақпарат			
Атауы			
Ұйымдық-құқықтық нысаны			
Сәйкестендірме номірі			
Елі			
Занды мекен-жайы (кала, көше, үй/күрылым номірі, кеңсе орын-жайы)			
Акционерлер және басшылар (Т.А.Ә.а)			
Контрагентке қызмет көрсететін банк атауы			
Контрагент сайты			
Тексеріс нәтижелері			
Белгіленген тәуекел-рейтинг			
Жасыл <input type="checkbox"/>	Оранжевый <input type="checkbox"/>	Красный <input type="checkbox"/>	Лимиттелген тексеріс <input type="checkbox"/>
Мүдделер тартысы (болған жағдайда)	Декларацияланған <input type="checkbox"/>	Декларацияланбаган <input type="checkbox"/>	
Контрагенттің ҚТКФ үлестес тұлғалар тізімінде болуы			
Иә <input type="checkbox"/>	Жоқ <input type="checkbox"/>		
Контрагенттің жекешелендіруге берілген тізімде болуы			
Иә <input type="checkbox"/>	Жоқ <input type="checkbox"/>		
Контрагенттің «Жедел желіге» жолданған хабарламалар тізілімінде болуы			
Ия <input type="checkbox"/>	Жоқ <input type="checkbox"/>		
Келісілуі жүргізілген толемакы талаптары			
Анықталған тәуекел-факторлар:			
Үәкілетті Лауазымды тұлға:	Күні:		
Сұраныс бастамашысы:	Күні:		